

**«Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Университет) осы Жарғысы (бұдан әрі – Жарғы) – құрылтай құжаты болып есептеледі, Университет атауын, орналасқан жерін, заңды мәртебесін, қызметінің мақсатын, функциясын және мәнін, Университет органдарының қалыптасу тәртібін және құзыретін, жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттерін, қайта құрылу және қызметін тоқтату талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де жағдайларды анықтайды.

2. Университеттің толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: ««Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: некоммерческое акционерное общество «Казахский национальный университет водного хозяйства и ирригации»;

3) ағылшын тілінде: «Kazakh National University of Water Management and Irrigation» non-commercial joint-stock company.

Университет атауының қысқартылған түрі:

1) мемлекеттік тілде: «Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті» КеАҚ;

2) орыс тілінде: НАО «Казахский национальный университет водного хозяйства и ирригации»;

3) ағылшын тілінде: «Kazakh National University of Water Management and Irrigation» NCJSC.

3. Университеттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, G169049, Тараз қаласы, Қ.Сәтпаев көшесі, 28.

4. Университет жоғары кәсіби білім беретін коммерциялық емес мекеме болып табылады және білім беру, ғылыми – зерттеу, мәдени және басқа да жоғары оқу орнынан кейінгі, қосымша кәсіптік білім беру саласында қызметін атқарады.

5. Университет діни ұйымдардың (қауымдастықтардың) құрылуына және қызметіне жол бермейді.

2. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

6. Қоғам жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз үлесімен қатысатын «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 16 шілдедегі № 567 қаулысына сәйкес құрылды.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі - ММЖК) Қоғамның құрылтайшысы болып табылады.

ММЖК орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11

БСН 980240000950 ЖСК KZ92070101KSN00000000 СТН 031400130617 БСК ККМЕКZ2А ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті ММ.

Қоғамның Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі болып табылады, ол Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асырады және заңнамаға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелер бойынша Жалғыз акционер ретінде мемлекеттің мүддесін білдіреді.

8. Университет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Білім туралы», «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Зандарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны және Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

9. Университеттің қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізде жүзеге асырылады. Университет қызметі жарғылық капитал қаражаты есебінен, табыстар есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларында тыйым салынбаған өзге де көздерден қаржыландырылады.

10. Университеттің жеке мөрі, дербес балансы, банк шоттары бар және өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар алады, жауапкершілікте болады, сотта талапкер және жауапкер ретінде қатысады.

11. Университет Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап заңды тұлға мәртебесін алады.

3. УНИВЕРСИТЕТ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

12. Университет қызметінің негізгі мақсаты су ресурстары саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын ғылыми қамтамасыз ету және сүйемелдеу және кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық сатыларына тиісті кадрлар даярлау болып табылады.

Университет қызметінің негізгі нысанасы болып білім беру қызметі, жаратылыстану және техникалық ғылымдар саласындағы өзге де зерттеулер мен әзірлемелер айқындалады.

Қоғамның білім беру үдерісінің мақсаты халықаралық стандарттарға сай келетін жоғары сапалы оқыту болып табылады.

Оқыту келесі сатылар бойынша жүзеге асырылады:

- техникалық және кәсіби білім беру: колледж;
- жоғары білім: бакалавриат;
- жоғары оқу орнынан кейінгі білім: магистратура, докторантура;

- қосымша білім беру, оның ішінде ғылыми-педагогикалық кадрлар мен мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау.

Білім беру қызметі келесі оқыту нысандары бойынша жүзеге асырылады: күндізгі, сонымен қатар қашықтық технологияларды қолданумен оқу, дуалды оқыту нысаны және экстернат.

Алға қойған мақсаттарға жету үшін Университетте қызметтің келесі түрлері жүзеге асырылады:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлау, сондай-ақ іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қоса алғанда, ғылыми-техникалық, инновациялық қызметті, ғылыми-зерттеу жұмыстары;

2) спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу;

3) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларың іске асыру;

4) білім берудің барлық деңгейлері үшін цифрлық интерактивтік білім беру ресурстарын және оқу фильмдерін ұйымдастыру, жасау және дамыту;

5) Қазақстан Республикасының еншілес және басқа да ұйымдары мен шетелдік ұйымдардың қаржы ресурстарын тарта отырып, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, инновациялық және инвестициялық жобаларды ұйымдастыру, қаржыландыру, сондай-ақ білім және ғылым саласындағы жобаларды венчурлік қаржыландырудың тетіктері мен инфрақұрылымын қалыптастыруға қатысу;

6) жеке меншік жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару;

7) су шаруашылығы секторында жұмыс істейтін ғылыми-педагогикалық кадрларды, қызметшілерді, мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

13. білім алушыларды запастағы офицерлер мен запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша әскери қызметке даярлау. Белгілі бір қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін уәкілетті органдардың арнайы рұқсаты қажет болған жағдайда, Университет осы қызметтің түрлерін белгіленген тәртіппен тиісті рұқсат алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

4. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТІ

14. Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес әрекет ететін Университеттің негізгі құрылымдық бөлімшелері мектептер/факультеттер, ғылыми-зерттеу институттары, инжиниринг орталықтары, технопарктер, білім беру және ғылыми орталықтар, кафедралар, зертханалар, мұражай, ғылыми кітапхана, департаменттер, бөлімдер, қызметтер, секторлар, филиалдар мен өкілдіктер.

15. Университет Жалғыз акционердің мүлкінен бөлек меншікке ие және оның міндеттемелері бойынша жауапты емес. Университет меншігіндегі міндеттемелер шеңберінде жауапты.

16. Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің құқықтық мәртебесі мен функциялары осы Жарғыда және Университет құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерімен анықталады, ол Басқарма Төрағасы – Ректормен бекітіледі, бұл осы Жарғыға қайшы келмеуі тиіс.

17. Университет өзінің барлық құрылымдық бөлімшелерімен бірыңғай білім беру және ғылыми кешені болып табылады. Университеттің бірыңғай ғылыми-білім беру кешені ретінде жұмыс істеуі:

1) Басқарма Төрағасы - Ректормен бекітілген құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерде мақсаттар мен міндеттерді анықтау, сондай-ақ олардың қызмет бағыттары;

2) Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері оқытуды ұйымдастыру мен оқу үдерісін қамтамасыз етуге міндетті түрде қатысу;

3) Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері Университет Басқармасының шешімдерін, бұйрықтары мен өкімдерін орындау.

18. Университет барлық құқықтарға ие және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттерді атқарады.

19. Университет өз беітмен, орындалатын жұмыстар көлеміне және формаларына негізделіп, штат кестесін дайындайды, құрылымдық бөлімшелердегі қызметкерлердің санын анықтайды. Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу мәселерін өз бетінше шешеді, кадрларды іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады, оның ішінде профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің штаттық кестесін, декандар мен бөлімдердің басшыларын ауыстыру, ғылыми-зерттеу институттарының директорлары, басқа оқыту және қолдау бөлімшелерінің басшылары (орталықтар, бөлімдер, зертханалар);

20. Университет өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

21. Университет өз бетімен, орындалатын жұмыстар көлеміне және формаларына негізделіп, штат кестесін дайындайды, құрылымдық бөлімшелердегі қызметкерлердің санын анықтайды. Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу мәселерін өз бетінше шешеді, кадрларды іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады, оның ішінде профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің штаттық кестесін, декандар мен бөлімдердің басшыларын ауыстыру, ғылыми-зерттеу институттарының директорлары, басқа оқыту және қолдау бөлімшелерінің басшылары (орталықтар, бөлімдер, зертханалар)

22. Университет Қазақстан Республикасының аумағында және басқа мемлекеттерде шаруашылық серіктестіктер мен акционерлік қоғамдардың құрылтайшысы (қатысушысы), оның ішінде шетелдік қатысуы бар кәсіпорындар, қауымдастықтарға, одақтарға қосылуға және республиканың заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтарды пайдаланады

23. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болып табылмайды және олар бойынша бекітілген ережелер негізінде Университет атынан әрекет етеді. Филиалдың немесе өкілдіктің меншігі олардың жеке балансында және тұтастай алғанда Университет балансында есепке алынады. Филиалдардың немесе өкілдіктердің басшылары Басқарма Төрағасы - Ректор берген сенімхат негізінде әрекет етеді.

24. Университет Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жалға беруші және (немесе) жалға алушы ретінде әрекет етуге құқылы.

25. Университет білім алушыларға әлеуметтік жеңілдікке ие, университетте оқитын студенттерге тамақ пен баспанамен қамтамасыз етеді, медициналық көмек көрсетеді, сонымен қатар университетте оқитын білім алушы студенттер үшін мәдени және спорттық іс-шаралар ұйымдастырады.

26. Университет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес заңмен қорғалатын мемлекеттік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді, және өз құзыреті шегінде, жұмылдыру, азаматтық қорғаныс, авариялардың алдын алу және жою бойынша оқыту іс-шараларын жүргізеді.

27. Университет зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтардың иесі бола алады, сондай-ақ лицензиялық келісімдер (келісім шарттар) негізінде зияткерлік меншік объектілерін пайдаланады.

28. Университет Қазақстан Республикасының аумағында және шет елдерде орналасқан банктерде және басқа қаржы ұйымдарында, ұлттық және шетел валютасында шоттар ашу құқығына ие, сондай-ақ қаржы құралдарында уақытша бос ақша қаражатын орналастыруға құқылы.

29. Университет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теңгемен және шетел валютасында қарыздар мен несиелер алуға және пайдалануға құқылы.

30. Университет ішкі нормативтік құжаттарды әзірлейді және бекітеді.

5. УНИВЕРСИТЕТ МҮЛКІ

31. Университет мүлкі:

1) Университет акцияларын төлеуге Жалғыз акционер берген мүлік есебінен;

2) оның қызметінен түскен табыс есебінен;

3) Қазақстан Республикасы заңнамаларында тыйым салынбаған негізде сатып алынған өзге де мүлік есебінен құрылады.

32. Университеттің таза табысы (Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесінде, салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеуден кейін және Жалғыз акционермен белгіленген тәртіппен жылдық қаржылық есепті бекітілгеннен кейін) Университеттің билігіне және Университеттің дамытуға бағытталады.

6. УНИВЕРСИТЕТ АКЦИЯЛАРЫ

33. Университеттің акциялары мемлекеттің айрықша меншігі болып табылады және иеліктен шығаруға жатпайды.

34. Университет тек жай акцияларды шығаруға құқылы. Университеттің бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен айқындалады.

35. Жай акция Жалғыз акционерге «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, оның қарауына ұсынылған барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқық береді.

36. Университеттің акциялары құжаттандырылмаған түрде беріледі.

37. Университеттің жарияланған акцияларының саны шегінде Университет акцияларын орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны және оларды орналастыру (өткізу) тәсілі және бағасы туралы шешімді Университеттің Директорлар Кеңесі қабылдайды.

38. Университет өз акциялары бойынша дивидендтерді есептемейді және төлемейді.

7. УНИВЕРСИТЕТ ОРГАНДАРЫ

39. Университет органдары:

- 1) жоғарғы органы – Жалғыз акционер;
- 2) басқарушы органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы органы – Басқарма;
- 4) қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы Жарғыға сәйкес өзге де органдар.

8. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

40. Жалғыз акционер құқығы:

- 1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және (немесе) осы Жарғысымен белгіленген тәртіпте Университетті басқаруға қатысуға;
- 2) Университеттің қызметі туралы ақпарат алуға, онымен қоса осы Жарғыда белгіленген тәртіпте Университеттің қаржылық есебімен танысуға;
- 3) Университеттің тіркеушісінен немесе нақты ұстаушыдан Университеттің құнды қағазына өзінің меншік құқығын растайтын үзінді-көшірмені алуға;
- 4) Университет органдары қабылдаған шешімді сот тәртібімен даулауға;

5) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес сот органдарына өз атынан жүгініп, Университеттің лауазымды тұлғаларының Университетке келтірген зиянын өтеуін талап етуге, Университеттің лауазымды тұлғалары және Университет мүдделік танытқан мәмілелерді және ірі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдауы нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Университетке қайтаруын талап етуге;

6) Университет қызметі жөнінде мәлімет алу үшін Университетке жазбаша сауал жіберуге және сауал түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде оған дәлелді жауап алуға;

7) Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

8) өз қаражаты есебінен аудиторлық ұйымның Университетте аудит өткізуін талап етуге құқылы;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар Кеңесіне Университеттің Жалғыз акционеріме қаралатын мәселелерге қосымша сұрақтар енгізу туралы ұсыныс жасау;

10) Егер көрсетілген шешіммен Университеттің және (немесе) жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса, Университеттің Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне және Университет Жарғысына сотта дау айтуға құқылы;

11) Осы тармақта көзделген Жалғыз акционердің құқығы түпкілікті болып табылмайды.

41. Жалғыз акционер міндетті:

1) акцияларды төлеуге;

2) Университеттің тіркеушісіне және акцияларды нақты ұстаушыға Университеттің акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгеруін он күн ішінде хабарлауға;

3) Университет туралы немесе оның қызметі туралы коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын ақпараттарды жарияламауға;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзге де міндеттемелерді орындауға.

42. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Корпоративтік басқару кодексін бекіту, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) Университетті өз еркімен қайта құру немесе тарату;

4) Университеттің жарияланған акцияларының көлемін ұлғайту туралы шешім қабылдау;

5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату; 5-1) мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Директорлар

кеңесінің мүшелерін қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

6) Басқарма Төрағасы-Ректорын сайлау (тағайындау), мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

6-1) Басқарма Төрағасы-Ректорды іріктеу және тағайындау тәртібін бекіту;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарма Төрағасы-Ректорға қатысты тәртіптік жаза қабылдау;

8) академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ оның тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселелерді қарау;

9) Университетті тексеретін аудиторлық ұйымды анықтау;

10) Университеттің аудиттелген, жылдық қаржылық есебін бекіту;

11) бұқаралық ақпарат құралдарының анықтамасын қоса алғанда, Университеттің қызметі туралы ақпарат беру тәртібін анықтау;

12) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес оларды сатып алған кезде акциялардың құнын айқындау әдістемесін бекіту және оны өзгерту;

13) Университет акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

14) Университетке тиісті барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе оның қызметіне Университеттің қатысуы туралы немесе өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

15) нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;

16) Заңнамаға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жататын өзге де мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау.

43. Жалғыз акционер, егер ол Жарғыда айқындалмаса, Университеттің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Университеттің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

44. Жалғыз акционер жыл сайын қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға тиіс. Есепті кезеңде университет аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылды деп есептеледі.

45. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру

комитетімен келісілген мәселелерді қоспағанда, Жалғыз акционердің құзыретіне жататын Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген мәселелер бойынша шешім Жалғыз акционер дербес қабылдайды немесе Жалғыз акционердің лауазымды адамы осындай шешімдер қабылдауға құқылы және бұл шешімдер жазбаша түрде ресімделуге жатады.

46. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Жалғыз акционердің қарауына ұсынылған сұрақтар бойынша шығыстарды Университет көтереді;

47. Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жататын мәселелерді Университеттің Басқармасы немесе Директорлар кеңесі әзірлейді;

48. Жалғыз акционердің қарауына ұсынылған мәселелерге қатысты материалдар осы мәселе бойынша дәлелдерге негізделген дұрыс шешім қабылдауға қажетті көлемдегі ақпаратты қамтуы тиіс;

49. Университет Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау мәселесіне қатысты материалдарда үміткерлер туралы мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) Тегі, аты, қалауы бойынша – әкесінің аты;
- 2) Білімі туралы мәлімет;
- 3) Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары, атқарған қызметі туралы мәлімет;
- 4) Үміткердің біліктілігін, жұмыс өтілін растайтын өзге де мәліметтер.

50. Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесін сайлау туралы мәселе қойылған жағдайда (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау), материалдарда Директорлар кеңесіне ұсынылған кандидаттың Жалғыз акционердің өкілі болып табылатынын және (немесе) ол Университет Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі лауазымына үміткер екендігін көрсету керек.

9. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

51. Директорлар кеңесі, заңнамаға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер шешімінен басқа, Университет қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

52. Директорлар кеңесінің мүшелері сайланады:

- 1) Акционерлерден - жеке тұлғалар;
- 2) акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалардан;
- 3) Университет акционері болып табылмайтын және акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлғалардан сайланады.

53. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үштен кем болмауы тиіс.

54. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен бекітіледі.

55. Басқарма Төрағасы-Ректордан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы-Ректор Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланбайды.

56. Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің және Жалғыз акционердің өкілдері, лауазымы бойынша Басқарма Төрағасы–Ректор, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тәуелсіз директорлар мен жеке тұлғалар кіреді.

57. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Университеттің Директорлар кеңесі құрамына сайланған тұлғалар шектелмеген мерзімге қайта сайлана береді.

58. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің жаңа Директорлар кеңесін сайлау туралы шешімі қабылданғанда тоқтатылады.

Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы бар. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттілігі Жалғыз акционердің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімі қабылдаған уақыттан бастап тоқтатылады.

59. Директорлар кеңесінің мүшесі өкілеттігін өз еркімен мерзімінен бұрын тоқтатуы үшін Директорлар кеңесіне ол туралы жазбаша хабарландыру береді. Директорлар кеңесі аталған хабарландыруды алған мезеттен бастап, сол мүшесінің өкілеттігі тоқтатылады.

60. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылып, Жалғыз акционер шешімімен Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі сайланған жағдайда, соңғысының өкілеттігі Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттік мерзімімен бірге бір мезгілде тоқтатылады.

61. Университет Директорлар кеңесінің Төрағасы кеңес мүшелері қатарынан, Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен кұпия түрде сайланады.

62. Директорлар кеңесінің төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпте:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және жұмыс тиімділігін қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесі отырысың жүргізеді;

2) Университеттің атынан Университеттің Басқарма төрағасы-Ректормен шарт жасасады, Директорлар кеңесі шешіміне сәйкес лауазымдық айлықақы мөлшерін белгілейді, материалдық жауапкершілік туралы және өзге де шарттарды жасасады;

3) Университеттің Корпоративтік хатшысына және Ішкі аудит қызметіне өздерінің міндеттерін және функцияларын тиісінше жүзеге асыру мақсатында тапсырмалар береді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Университеттің Жарғысында, ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген міндеттерді және функцияларды жүзеге асыру мақсатында Басқарма төрағасына және Басқарма мүшелеріне тапсырма береді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғысына, ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзге де функцияларды атқарады.

63. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның міндеттерін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің бір мүшесі орындайды.

64. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Университеттің қызметінің басым бағыттарын анықтау және университеттің даму стратегиясын немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Университеттің даму жоспарын бекіту;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды Университеттің сатып алуы туралы және сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Университеттің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) Басқарма төрағасы – Ректорды және академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда, Басқарма мүшелерінің сандық құрамын, олардың өкілеттік мерзімін белгілеу және мүшелерін сайлау, оларды тәртіптік жауапкершілікке тарту, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

6) Басқарма төрағасы – Ректорды және Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

7) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақы және сыйақы мөлшері мен төлеу шарттарын;

8) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін белгілеу, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақысы мөлшерін және сыйақы төлеу шарттарын белгілеу, оған тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдерді қабылдау, Университеттің корпоративтік хатшысы туралы ережені бекіту;

9) Комплаенс-офицерді тағайындау, оның өкілеттік мерзімін белгілеу, лауазымдық айлықақысы мөлшерін және сыйақы төлеу шарттарын белгілеу;

10) қаржылық есептілікке аудит жүргізгені үшін аудиторлық ұйым қызметіне төленетін төлем мөлшерін анықтау, сондай-ақ Университеттің акциялары төлеміне берілген немесе ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүлікті нарықтық бағалаудағы бағалаушының қызметіне төленетін төлем мөлшерін анықтау;

11) Университеттің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, оның ішінде Директорлар кеңесімен бекітілген ішкі құжаттардың классификаторына сәйкес бекіту;

12) Университет филиалдары мен өкілдіктерін құру, жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

13) заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысы құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау, олардың акцияларының он және одан көп (жарғылық капиталдағы қатысу үлесімен) пайызы Университетке тиесілі;

14) басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан көп (жарғылық капиталдағы қатысу үлесімен) пайызын Университеттің сатып алуы (иселіктен шығару) туралы шешім қабылдау;

15) Университеттің міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

16) Университет туралы немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын ақпаратты анықтау;

17) Университеттің Жалғыз акционері қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

18) Университеттің ұйымдастырушылық құрылымын, штат кестесін және оның филиалдарын мен өкілдерін бекіту;

19) Заңнамасымен және Университеттің Жарғысымен көзделген, Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

65. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелерді шешу құқығы Басқармаға берілмейді.

66. Осы Жарғы бойынша Университеттің Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға Директорлар Кеңесінің құқығы жоқ, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.

67. Директорлар Кеңесінің отырыстары Директорлар кеңесі бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жыл сайын күнтізбелік жыл басталғанға дейін өткізіледі.

68. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Университет Басқармасының бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін немесе:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Университеттің ішкі аудит қызметінің;
- 3) Университеттің аудитін өткізетін аудиторлық ұйымның
- 4) Жалғыз акционердің талап етуімен шақырылуы мүмкін.

69. Директорлар кеңесі отырысың шақыру талабы Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысына ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы іске асырылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты өткізуден бас тартса, бастамашы аталған талаптармен Басқармаға жүгінуге құқылы. Ал Басқарма Директорлар кеңесінің отырысың шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесі отырысың шақыру талабы түскен күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқармамен шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысына аталған талаптарды ұсынған тұлға міндетті түрде қатысады.

70. Директорлар кеңесі отырысының жазбаша хабарламасы күн тәртібіндегі мәселелер туралы материалдарды қоса бере отырып, жиналыс өткізілгенге дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал маңызды мәселелер 15 күнтізбелік күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберіледі. Егер Директорлар кеңесінің мүшелері шұғыл түрде шақырылса, хабарлама отырыстың күн тәртібіне енгізілген барлық материалдармен бірге отрыс өткізілгенге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс. Директорлар кеңесі отырысың өткізу туралы хабарламада отрыс өткізілетін күні, уақыты және орны, оның күн тәртібі болуы тиіс, сондай-ақ ашық отрыс өткізілсе, отырысқа қатыса алмаған жағдайда күн тәртібі бойынша жазбаша хабарландыру жіберіп, дауыс беру мүмкіндігі туралы Директорлар кеңесі мүшесіне түсіндіру мәтіні де жазылады.

71. Егер Директорлар кеңесінің мүшесі өзі отырысқа қатыса алмаса, Директорлар кеңесінің мүшесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін жазбаша білдіруге құқығы бар, Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.

72. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің жазбаша пікірін Директорлар кеңесі отырысың өткізгенге дейін кем дегенде 1 (бір) жұмыс күні қалғанда ұсынуы керек.

73. Директорлар кеңесіне төрағалық етуші отырысқа қатыспаған Директорлар кеңесі мүшелерінің ұсынылған жазбаша пікірлерін Директорлар кеңесі отырысында осы пікірлерге қатысты күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру басталғанға дейін жариялауы керек.

74. Директорлар кеңесі отырысың өткізу үшін кворум – Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс және Директорлар кеңесі отырысына келмеген, бірақ қаралатын мәселелерді талқылауға және дауыс беруге техникалық байланыс құралдарын (бейнеконференция, телефон арқылы конференц-байланыс режимінде) қолданып, пікірін ұсынған немесе жазбаша түрде дауыс берген мүшелерін есепке ала отырып, анықталуы мүмкін.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта көрсетілген кворумға жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) туралы мәселені шығару керек. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Жалғыз акционердің қарауына осындай мәселені шығару туралы шешімді қабылдауға құқылы.

75. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімі Директорлар Кеңесі отырысына қатысып отырған мүшелердің басым дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда, Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесі отырысында төрағалық ететін тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Университеттің Директорлар кеңесіне қатыспаған Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Зарында осы Жарғыда бекітілген тәртіпті бұзып, қабылданған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі сот тәртібімен шешімге қарсы болуға құқылы.

Директорлар Кеңесі жабық отырысың өткізу туралы шешім қабылдауға құқығы бар, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

76. Директорлар кеңесінің ашық тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдер хаттама түрінде ресімделеді. Хаттама отрыс өткен күннен бастап үш күннен кешіктірілмей ресімделеді және хаттамаға Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе отырыста төрағалық еткен тұлға және Корпоративтік хатшы қол қоюы тиіс және сондай-ақ ол мына мәліметтерді қамтиды:

- 1) Басқарманың толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты мен орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәлімет;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

77. Сырттай дауыс беру үшін Директорлар кеңесінің отырысы өткізілмейді.

78. Сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Директорлар кеңесінің отырысы туралы жазбаша хабарламаға қоса сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер беріледі, ол бірыңғай формада Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне беріледі.

79. Сырттай дауыс беру бюллетеньдерінде қамтылуы тиіс:

- 1) Университет Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) қол қойылған бюллетеньді тапсырған датасы;
- 3) отырысының күн тәртібі;
- 4) дауыс беруге қойылған мәселелер және дауыстардың варианттары;
- 5) өзге де мәліметтер;

80. Егер тиісті түрде толтырылған бюллетеньдер барлық Директорлар кеңесінің дауыстарын санау белгіленген күннен бұрын келіп түскен болса, онда дауыстарды уақытынан ертерек күні санауға жол беріледі, бұл дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі.

81. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдердің кворумы болған жағдайда ғана қабылданған деп танылады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша ресімделуі тиіс және оған Директорлар кеңесінің төрағасы және Корпоративтік хатшы қол қоюы қажет. Сырттай дауыс беру бюллетеньдерінде келесілер қамтылуы тиіс:

- 1) Университет Басқармасының атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыс шешімінің жазбаша ресімделген күні мен орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) отырысты шақыруды жүзеге асырған адамды (органд) көрсету;
- 5) отырыстың күн тәртібін;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның болуы / болмауы туралы жазба;
- 7) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 8) өзге де мәліметтер.

Шешімді ресімдеу күнінен бастап жиырма күн ішінде шешім Директорлар кеңесі мүшелеріне жіберілуі тиіс және оны қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелері қоса жіберіледі.

82. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің хаттамалары, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер Университетке сақталады.

83. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын, сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруі керек және (немесе) өзінің қолын қойып, Университеттің мөрімен куәландырып, хаттамадан үзінді-көшірмені және шешімдерді беруі керек.

10. БАСҚАРМА

84. Университеттің ағымдағы қызметін басқаруды Басқарма жүзеге асырады. Басқарманы Басқарма Төрағасы – Ректор басқарады.

85. Басқарма Төрағасы - Ректор лауазымына Жалғыз акционеріме тағайындалады (сайланады).

86. Басқарманың мүшелері акционерлер және Университеттің акционері болып табылмайтын қызметкерлері болуы мүмкін.

87. Басқарма кемінде үш адамнан құрылуы тиіс.

88. Басқарма заңнамамен және Жарғымен Университеттің басқа органдарының және оның лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез-келген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, соның ішінде:

- 1) заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіпте Университет атынан жасалатын мәмілелер бойынша Университет міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

2) Директорлар Кеңесі бекіткен штат санын және ұйымдық құрылымды есепке алып, Университеттің штат кестесін бекітеді;

3) Университеттің қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды Директорлар кеңесі бекіткен классификаторға сәйкес бекітеді;

4) Университеттің жекеменшік капиталы мөлшерінің он пайызына дейін құрайтын сомаға Университеттің міндеттерін көбейту туралы шешімді қабылдайды;

5) Университеттің ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

6) Университеттің тауар белгісін және Университеттің өзге де корпоративтік сәйкестендіру құралдарын бекітеді;

7) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы Университетке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

8) ішкі бақылау саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

9) Университеттің стратегиялық бағыттарын әзірлеу;

10) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылмаған басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

89. Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

90. Басқарма Төрағасы – Ректордың атқарушы орган басшысының немесе атқарушы орган функцияларын жеке дара атқаратын тұлға, басқа заңды тұлға лауазымын атқаруға құқығы жоқ. Басқарма мүшелері Директорлар кеңесінің рұқсаты болған жағдайда ғана, басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы..

91. Егер Басқарма мүшесі Университеттің мәмілені жасауына мүдделі болған жағдайда, ол заңнамада көзделген ақпаратты Басқарманың және Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге міндетті.

92. Басқарма Төрағасы - Ректор Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды, университеттің басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне кірмейтін Университет қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

93. Басқарма Төрағасы – Ректор Университеттің қаржылық-шаруашылық қызметіне, мүліктің сақталуына, Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастыруға жеке жауапкершілікте болады.

94. Басқарма Төрағасы–Ректор осы Жарғыда белгіленген тәртіпте:

1) Басқарманы басқарады;

2) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Университет Басқармасының шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) Университеттің үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында, Университет атынан сенімхатсыз жұмыс жасайды;

4) Университеттің атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынас жасау үшін сенімхат береді;

5) Университет қызметкерлерін қызметке қабылдау, басқа қызметке ауыстыру және қызметтен босатуды жүзеге асырады (Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Зарында белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, Университеттің штаттық кестесіне сәйкес лауазымдық айлықақы және айлықақыға дербес үстеме мөлшерін белгілейді, Басқарма құрамына кіретін қызметкерлерді және Директорлар кеңесіне есеп беретін Қоғам қызметкерлерін қоспағанда, олардың сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды;

6) шарттарды жасасады және Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын өзге де мәмілелерді жасасады;

7) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттемелерін орындауды Басқарма мүшесінің біреуіне жүктейді;

8) Басқарма мүшелерінің және Университеттің басқа қызметкерлері арасында міндеттерін, сондай-ақ өкілеттік аясы мен жауапкершілікті бөледі;

9) заңнамаға сәйкес Директорлар кеңесі алдында есеп береді;

10) Университеттің банк шотын және басқа да шоттарын ашады;

11) өз құзыреті шегінде бұйрықтар, өкімдер шығарады;

12) Басқарма отырысың өзінің бастамасымен немесе Басқарма мүшесінің өтінішіме шақырады;

13) Директорлар кеңесі бекіткен классификаторға сәйкес ішкі құжаттарды бекітеді;

14) Басқарма хатшысының функцияларын Университет қызметкерлерінің біреуіне жүктейді;

15) Университеттің Даму жоспарын әзірлеуді, сонымен қатар Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес оларды жүзеге асыру (орындау) туралы есептерді әзірлеуді қамтамасыз етеді;

16) Университеттің ағымдағы және перспективалық жоспарларының орындалуын қамтамасыз етеді;

17) Университет филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және оларды қызметтен босатады;

18) Университеттің жұмыс режимін белгілейді;

19) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің, сондай-ақ Университет Басқармасының ерекше құзыретіне жатпайтын міндеттерді орындауға қажетті Университеттің ағымдағы қызметіне қатысты барлық мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

95. Басқарма мүшелері залалдың алдын алу үшін, Университет қызметін оңтайландыру үшін Басқарма отырысың шақыруға бастамашылық жасап, Басқарма Төрағасы – Ректорды ақпараттандыру жолымен немесе басқа да қолжетімді тәсілмен қажетті шараларды қолдануға міндетті. Басқарма мүшелері Басқарма Төрағасы – Ректорды өздері жетекшілік ететін істер ахуалы туралы хабардар етеді.

11. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

96. Университеттің Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің шешімімен Университет қызметін жетілдіру мақсатында Университеттің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау саласын, riskілерді басқару және консультация беру жүйесін бағалауды жүзеге асыру мақсатында құрылады.

97. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз қызметі туралы есеп береді. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, құқығы, жауапкершілігі және жұмыс тәртібі Директорлар кеңесі бекіткен Ішкі аудит қызметі туралы ережемен айқындалады.

98. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесіне және Басқармаға сайлана алмайды.

99. Университетпен Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамаларымен, осы Жарғымен реттеледі.

12. КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

100. Корпоративтік хатшы:

1) өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын және ішкі нормативтік құжаттарды сақтауға;

2) өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін басшылыққа алуға;

3) Директорлар кеңесі төрағасының тапсырмаларын орындауға;

4) Директорлар кеңесінің талап етуі бойынша өз қызметі туралы есеп беруге;

5) Директорлар кеңесі мүшелерін қызметке кірісуіне қолдау көрсетуге;

6) Директорлар кеңесіне қолданыстағы заңнама нормаларына, акционер құқықтарына қауіп туындататын жағдайлардың, сондай-ақ корпоративтік шиеленістердің туындағаны туралы ақпарат беруге міндетті.

101. Корпоративтік хатшының функциялары, құқықтары мен міндеттері Директорлар кеңесі бекіткен Корпоративтік басқару кодексімен және Корпоративтік хатшы туралы ережемен анықталады.

13.Комплаенс – офицер

102. COMPLAENС-офицер Директорлар кеңесі Қоғамның және оның қызметкерлері Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы-іс қимыл заңнамасының заңдылығын сақтауын қамтамасыз ету үшін сайланады.

103. Тәуелсіздік пен объективтілікті қамтамасыз ету мақсатында COMPLAENС -офицер Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және өзі қызметі бойынша есеп береді.

104. Комплаенс – офицерінің міндеттері мен функциялары, құқықтары мен жауапкершілігі және жұмыс тәртібі Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжатпен айқындалады.

14.УНИВЕРСИТЕТТІҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ

105. Университеттің лауазымды тұлғалары (Директорлар кеңесінің мүшелері және Басқарма мүшелері):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Университет пен Жалғыз акционердің мүдделеріне барынша сай келетін тәсілдерді қолданады;

2) Университеттің мүлкін Университеттің Жарғысына, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы мақсатта, сондай-ақ жеке мақсатта пайдаланбауы немесе пайдаланылуына жол бермеуі керек және өзінің үлестес тұлғаларымен мәміле жасасу барысында теріс пайдаланбауы тиіс;

3) бухгалтерлік есептің және қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын, сондай-ақ тәуелсіз аудит өткізуді қамтамасыз етуге міндетті;

4) заңнама талаптарына сәйкес, Университеттің қызметі туралы ақпаратты ашу және ұсыну жұмысын бақылайды;

5) Университет қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті, егер Университеттің ішкі құжаттарында басқаша көрсетілмесе, Университетте өз қызметін тоқтатқан уақыттан бастап үш жылға дейін оның құпиялылығын сақтауға міндетті.

106. Жалғыз акционердің шешімімен Университет немесе Жалғыз акционер өз атынан, Университеттің лауазымды тұлғасына және (немесе) үшінші тұлғаға, егер осындай мәмілені жасасу және (немесе) жүзеге асыру кезінде Университеттің осы лауазымды тұлғасы осындай үшінші тұлғамен келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Университеттің жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарын немесе оның еңбек шартын бұза отырып әрекет етсе, Университет осы үшінші тұлғамен жасасқан шарт нәтижесінде Университетке келтірілген залалдарды өтеуі туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда аталған үшінші тұлға және Университеттің лауазымды тұлғасы осындай залалдарды өтеу кезінде ынтымақты борышкерлер ретінде әрекет етеді.

107. Жалғыз акционер Университеттің лауазымды тұлғаларының келтірген залалдарды Университетке өтеуі және ірі мәмілелер және (немесе) мүдделік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Университеттің лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының Университетке қайтаруы туралы талаппен сот органдарына жүгінер алдында Директорлар кеңесі төрағасына хабарлауы тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасы жоғарыда көрсетілген өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар кеңесінің отырысың өткізуге шақыруға міндетті.

Жалғыз акционердің өтініші бойынша Директорлар кеңесінің шешімі отрыс өткізілген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде оның назарына жеткізіледі. Директорлар кеңесінің көрсетілген шешімін алғаннан кейін не оны осы тармақта белгіленген мерзімде алмаса, Жалғыз акционер өз атынан аталған мәселе бойынша директорлар кеңесінің төрағасына акционердің өтініш жасағанын растайтын құжаттар болған кезде Университет мүдделерін қорғау үшін талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

108. Мәміленің жасалуына мүдделі және орындау нәтижесінде Университетке залалдар келтірілген мәміле жасасуды ұсынған лауазымды тұлғаны қоспағанда, Университеттің лауазымды тұлғалары, егер Университеттің органы қабылдаған, Университетке не акционерге залалдар келтіруге әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауаптылықтан босатылады.

Егер лауазымды адамның Университет лауазымды адамдары қызметінің Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Зарында белгіленген қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім Университет мүдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде есептегені дәлелденген болса, ол коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

109. Егер Университеттің қаржылық есептілігі Университеттің қаржылық жағдайын теріс көрсетсе, сол қаржылық есепке қол қойған Университеттің лауазымды тұлғалары, осының нәтижесінде материалдық залал келтірілген үшінші тұлғалар алдында жауапты болады.

15. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК, ЕСЕПKE АЛУ ҚҰЖАТТАМАСЫ ЖӘНЕ АУДИТ

110. Университеттің бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен белгіленеді.

Жылдық қаржылық есептілік Жалғыз акционердің қарауына берілгенге дейін отыз күнтізбелік күн бұрын алдын ала бекіту үшін Директорлар кеңесіне берілуі тиіс. Университеттің жылдық қаржылық есептілігін соңғы толық бекіту туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

111. Жалғыз акционер жыл сайын қаржы жылы аяқталған соң бес ай ішінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешім қабылдауы тиіс. Көрсетілген мерзім Университеттің аудитін есептік мерзімде аяқтау мүмкіндігі болмаған жағдайда үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі.

112. Университет жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес (еншілес) ұйым (ұйымдар) болмаған жағдайда – шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде жариялауға міндетті.

113. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес, Университет мүдделік танытқан ірі мәмілені және (немесе) мәмілені жасасу туралы ақпарат жылдық қаржылық есептіліктің түсіндірме жазбасында көрініс табады. Сонымен қатар бұл Жалғыз акционерге және инвесторларға хабарланады. Нәтижесінде Университет активтері мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын сомадағы мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәміле мерзімі және шарттары, қатысуға тартылған тұлғалар үлесінің көлемі және сипаты туралы мәліметті, сонымен қатар мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс.

114. Жылдық қаржылық есептіліктің дұрыстығын, сонымен қатар істердің ағымдағы жағдайын тексеру және растау үшін Университет жылдық қаржылық есептіліктің аудитін өткізуге міндетті.

Университеттің қаржылық есептілігінің аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасымен Университеттің есебінен немесе Жалғыз акционердің талабы бойынша, оның есебінен өткізілуі мүмкін. Бұл ретте Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды өз бетінше таңдауға құқығы бар.

Егер аудит Жалғыз акционердің талабы бойынша өткізілетін болса, Университет аудиторлық ұйым сұраған барлық қажетті құжаттамаларды (материалдарды) беруге міндетті.

Егер Басқарма Университеттің қаржылық есептілік аудитін өткізуден бас тартса, аудит кез келген мүделі тұлғаның талабы бойынша сот шешімімен белгіленуі мүмкін.

16. АҚПАРАТТЫ БЕРУ, УНИВЕРСИТЕТ ҚҰЖАТТАРЫ

115. Университет өз қызметі туралы ақпаратты интернет желісіндегі Университеттің корпоративтік интернет-ресурсында (<https://dulaty.kz>) жариялайды.

Университеттің келесі корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты Университет Жалғыз акционердің және инвесторлардың назарына жеткізуге міндетті:

- 1) Жалғыз акционер қабылдаған шешімдерді;
- 2) Директорлар кеңесінің тізімдегі сұрақтар бойынша қабылдаған шешімдері Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес мәліметтері Жалғыз акционер мен инвесторлар назарына жеткізілуі тиіс;
- 3) Университеттің акциялары мен басқа бағалы қағаздары шығарылымын, Университеттің бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есебін, Университеттің бағалы қағаздарын төлеу қорытындылары туралы есептерін уәкілетті органның бекітуі, уәкілетті органның Университеттің бағалы қағаздарының күшін жоюы;
- 4) Университет ірі мәмілелер жасауы және бір мезгілде келесі шарттарға сай келетін мәмілелер жасайды: Университеттің уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдаған күнге Университет активтерінің жалпы құнының он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті

сатып алуға немесе сатуға байланысты Университеттің мүддесі бар мәмілелер болып табылады;

5) Университет активтерінің бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы Университеттің мүлкін кепілге (қайта кепілге салу) беруі;

6) Университеттің меншікті капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде Университеттің қарыз алуы;

7) Университеттің қандай да бір қызмет түрімен айналысуы үшін лицензияны алуы және Университеттің қандай да бір қызмет түрімен айналысуы үшін бұрын алған лицензиясының күшін тоқтата тұруы және күшін жоюы;

8) Университеттің заңды тұлғаны құруға қатысуы;

9) Университет мүлкіне тыйым салу;

10) төтенше сипаттағы жағдайлардың орнауы, ол жағдайлардың салдарынан баланстық бағасы Университет активінің жалпы көлемінің он және одан да көп пайызын құрайтын Университет мүлкінің жойылуы;

11) Университеттің және оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;

12) Университетті күштеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;

13) корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғалу;

14) Университеттің осы Жарғысына сәйкес, сондай-ақ Университеттің акцияларын шығару проспектісіне сәйкес Университеттің Жалғыз акционерінің және инвесторлардың мүдделеріне қатысты басқа да оқиғалар.

116. Корпоративтік оқиғалар туралы мәлімет Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Зарына және осы Жарғысына сәйкес беріледі.

117. Корпоративтік дау бойынша сотта азаматтық іс қозғалатындығы туралы ақпарат Университетке тиісті сот хабарламасы (шақыру) түскен уақыттан бастап жеті жұмыс күні ішінде Жалғыз акционерге берілуі тиіс.

118. Университет қызметтік немесе коммерциялық құпия мәліметтерді білетін Университет қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жасауды қамтамасыз етеді.

119. Университет қызметіне қатысты құжаттар Университет қызмет ететін мерзім ішінде Университет Басқармасы орналасқан жерде немесе Басқарманың шешімі бойынша басқа жерде сақталады.

120. Сақталуы тиіс құжаттар:

1) осы Жарғысы, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) Университеттің белгілі бір қызмет түрімен айналысуға және (немесе) белгілі әрекетті (операцияларды) жасауға құқық беретін лицензиялары;

3) Университеттің балансында тұрған (болған) мүлікке иелік ету құқығын растайтын құжаттар;

4) Университеттің бағалы қағаздарын шығару проспектілері;

5) Университеттің бағалы қағаздарының шығарылымын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздарын жоюды растайтын құжаттар, сонымен қатар Университеттің бағалы қағаздарын үлестіру және төлеу қорытындылары туралы уәкілетті органға ұсынылатын есептерін бекіту құжаттары;

- 6) Университеттің филиалдары және өкілдіктері туралы ережелер;
- 7) Жалғыз акционердің шешімдері және оларға тиісті материалдар;
- 8) Директорлар кеңесі отырысының хаттамалары (сырттай отырыс шешімдері) және бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз бюллетеньдер), Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар;
- 9) Басқарма отырысының хаттамалары (шешімдері);
- 10) Корпоративтік басқару кодексі.

121. Басқа да құжаттар, оның ішінде Университеттің қаржылық есептері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім бойы сақталады.

122. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғам туралы» заңнамасына сәйкес Университет он күн тізбесі ішінде талапты алған күннен бастап жалғыз акционердің талабымен құжаттардың көшірмелерімен қамтамасыз ету тиіс, сондай-ақ қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат беру туралы шектеулерді қамтиды.

17.УНИВЕРСИТЕТТІҢ ФИЛИАЛДАРЫ ЖӘНЕ ӨКІЛДІКТЕРІ

123. Университет өз миссиясын және міндеттерін орындау үшін заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан мен басқа елдерде филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

124. Филиал Университеттің барлық функцияларын дербес жүзеге асырады (немесе оның бір бөлігін), Өкілдік университеттің мүддесін білдіреді және оларды қорғайды.

125. Филиалдар мен өкілдіктердің жетекшілері Университетте немесе басқа жоғары кәсіптік білім беру мекемесінде оқу-әдістемелік, ғылыми немесе ұйымдастырушылық жұмыс тәжірибесі бар адамдардан Университеттің Басқарма Төрағасы - Ректор тағайындалады және оларға берілген сенімхаттар негізінде әрекет етеді.

126. Филиалдар мен өкілдіктердің құрылуы және олардың қызметі ректордың ұсынысы бойынша және Директорлар кеңесінің шешімімен тоқтатылады. Филиалдар мен өкілдіктердің құрылуы, қызметі және қызметін тоқтату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

18.УНИВЕРСИТЕТТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ

127. Университетті қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, шығу, қайта құру) Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша жүзеге асырылады.

128. Университетті қайта ұйымдастыруды, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, Жалғыз акционер

мемлекеттік мүлік туралы уәкілетті органмен келісім бойынша жүзеге асырады.

19.УНИВЕРСИТЕТТІ ТАРАТУ

129. Университетті ерікті түрде тарату Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімімен қабылданады, ол кредиторлармен келісім бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олардың бақылауымен тарату рәсімін анықтайды.

130. Университетті күштеп тарату мәселесі Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайда сот тәртібімен шешіледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше қарастырылмаса, Университетті мәжбүрлі түрде тарату туралы талапты сотқа мүделі тұлғалар бере алады.

Жалғыз акционердің немесе соттың Университетті тарату туралы шешімімен Тарату комиссиясы тағайындалады.

Тарату комиссиясы оны тарату кезеңінде Университетті басқару өкілеттігіне ие болады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған әрекеттерді орындай алады.

Университетті ерікті түрде таратқан кезде тарату комиссиясының құрамына Жалғыз акционердің өкілдері, сонымен қатар Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес өзге де тұлғалар кіруі тиіс.

131. Университетті тарату рәсімі және кредиторлар талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Университетті тарату кезінде оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жойылады.

Таратылатын Университеттің мүліктерін үлестіру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

20.ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

132. Осы Жарғымен реттелмеген барлық жағдайларда Университет Қазақстан Республикасының заңнамасын және ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

133. Осы Жарғы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.